

Тексерілді: М.Н.Ф.
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Келісілді: Д.
Менгеруші: Курманова Л.Б.

«Халықтар достығы»

Танымдық іс-әрекет

Ересек «Балдырган» тобы

Тәрбиеші: Таужанова А.Т.

Сәуір, 2023ж

«Халықтар достығы»

Міндеті: 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру.
Көрнекті құралдары: Бейнебаяннан әр ұлттың суреттері, тағамдардың суреттері

Миға шабуыл:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Дұрыс айтасыздар көктемде қандай мерекелер бар?



Біз қандай мерекені тойладық? Есімізге түсірейік.

-1-Наурыз- Алғыс айту күні

-8-Наурыз-Аналар мерекесі

-22-Наурыз- Барша мұсылман қауымының Жаңа жыл мерекесі

12-сәуір -Ғарышкерлер күні

1-Мамыр Ынтымақ, бірлік достық мерекесі.

-Балалар біздің ұлтымыз қандай?

-Қазақ

-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Қазақ тілінде.

Дос сөзін қалай түсінесіңдер?

Сендердің басқа ауылда немесе қалада достарың бар ма?

-Қазақ халқының өзінің тілі, ұлттық киіміміз, салт-дәстүріміз бар.Сол сияқты біздің Қазақстанда басқа ұлт өкілдері де тұрады.

Мысалы орыс, өзбек, қырғыз татар, ұйғыр, көріс т б ұлттар тұрады

Теледидар: Сурет арқылы әр ұлттың киімдерімен,тағамдарымен таныстыру.

Балалар осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады.Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмаса да Қазақстан елін елім деп, жерін жерім деп құрметтейді.Әлем халықтарының тату-тәтті биібітшілікте, бірлікте өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы екенін жақсы түсінеді. Сол себепті елімізді қадір тұтып құрметтейді.

Ән: «Достық»

Райымбек : Достықты біз сүйеміз

Бірге күліп ойнаймыз

Сіздерді де құттықтап

Мерекені тойлаймыз

Айзере:

Бейбітшілік ұраны,

Барлық ұлттар бірлесіп.

Қазақстан жерінде,

Жасасын той мереке.

Н.Рауна:

Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған аты-бабадан,

Бірлік асыл мұрамы

Мансур: Отан біздің анамыз

Әлмештеген өсірген

Сіздерді де құттықтап

Мерекені тойдаймыз

Балалар сендер достық туралы мақал білесіңдер ме?

Нүриелам : Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды .

Рахымжан: Жүз теңге болғанша, жүз досың болсын.



Сергіту сәті: Тату болсын еліміз
 Бүтін болсын жеріміз,
 Бір шаңырақ астында.
 Жиналайық келініз
Хадисша : Бірые алды ыоттымәк.
Еркежан: Бірлік болмай тірлік болмас.
Дойын: «Көңілді шарлар»
Шарты: Мерекелік шарларды безендіру.



Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын қане тауып көріңдерші?

Таңмен көзін ашады
 Әлемге нұрын шашады.
 Шешуін кім табады?
 Шешуі «күн» екен.

Дойын: «Күн»

Шарты: Балалар енді бәріміз бірлесіп күннің суретін құрастырамыз.

Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»

Барлық әлем балаларын достыққа шақырайық.

Өз достық тілегімізді, лебізімізді білдірейік.

Балалар шеңберде тұрып гүлді беру арысымы бір-біріне мерекелік тілектер айтады.

Еліміз тыныш болсын!

Күніміз жарық болсын!

Астанымыз ашық болсын!

Деніміз сау болсын !

Көк туымыз биік болсын !

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін»

